Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының докторанты Кумисбекова Жазира Науатбековнаның «Профессор Алма Қыраубаева еңбектеріндегі интеграциялық оқытудың әдістемелік жаңашылдығы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Қазіргі білім беру жүйесінде базалық мазмұнның аясын интеллетуал тұлғаның білігімен, рухани мәдениетпен интеграциялық байланыста дамыту және ұлттық құндылықтарды оқыту үдерісімен сабақтастыру мәселелері ерекше маңызға ие. Осы тұрғыдан алғанда, докторанттың «Профессор Алма Қыраубаева еңбектеріндегі интеграциялық оқытудың әдістемелік жаңашылдығы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қазіргі білім беру жүйесіндегі интеграциялық мәселелерге арналған, ұлттық педагогикалық мұраның әдістемелік әлеуетін және қазақ тілін оқытудың ғылыми-әдістемедік негіздерін зерделеуге бағытталған өзекті ғылыми зерттеу болып табылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі оқушылардың дүниетанымын кеңейту, ұлттық құндылықтарды білім мазмұнымен сабақтастыру және оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін жетілдіру қажеттілігімен айқындалады. Профессор Алма Қыраубаеваның ғылыми-педагогикалық мұрасының жаңа әдіснамалық қырларын зерделеу, ондағы интеграциялық оқытудың әдістемелік мүмкіндіктерін анықтау және ұлттық білім беру тәжірибесін жетілдіру жолдарын ғылыми тұрғыдан негіздеу заманауи қажеттілігімен ерекшеленеді.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Алма Қыраубаеваның ғылыми-шығармашылық мұрасы жоғары сынып оқушыларының интеллектуалды әлеуетін ұлттық құндылықтармен ұштастыруға, олардың қоршаған ортаға, еңбекке және өзіне деген саналы көзқарасын қалыптастыруға бағытталған. Ғалымның интеграциялық ұстанымдары мен «Сенім» бағдарламасының тәрбиелік-танымдық мүмкіндіктері тұлғаның гуманистік және адамгершілік қасиеттерін дамытуға, адалдық пен ізгілік қағидаттарын ұстануға негіз болады. Аталған тұжырымдар профессор Алма Қыраубаеваның ғылыми-педагогикалық мұрасындағы интеграциялық оқытудың әдістемелік әлеуетін айқындап, ұлттық құндылықтарды білім беру мазмұнымен сабақтастыру арқылы рухани жағынан кемел, бәсекеге қабілетті әрі қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінетін тұлға қалыптастырудың маңызын айқындайды.

Диссертациялық жұмыста профессор Алма Қыраубаеваның ғылыми еңбектеріндегі білім беру мазмұны тіл білімі мен ұлттық дүниетанымның сабақтастығын дәйектей келіп, тарихи-мәдени мұраның тәрбиелік және танымдық әлеуетін әдістемелік тұрғыдан зерделеуге баса назар аударылады. Зерттеу барысында ғалым мұрасының білім беру үдерісіндегі маңызын айқындау, оның әдістемелік ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан жүйелеу және қазіргі оқыту тәжірибесімен сабақтастығын көрсету мәселелері талқыланады.

Докторант зерттеу тақырыбы бойынша ғалымның ғылыми еңбектерін зерделеп, зерттеу мәселесін жүйелі қарастыруға, ғылыми тұжырымдар жасауға және зерттеу нәтижелерін негіздеуге ұмтылған. Жұмыстың мазмұны зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес құрылып, тақырыптың негізгі мәселелерін кешенді түрде ашуға бағытталған.

Жалпы алғанда, «Профессор Алма Қыраубаева еңбектеріндегі интеграциялық оқытудың әдістемелік жаңашылдығы» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс интеграциялық оқыту мен ұлттық педагогикалық мұраны зерттеу бағытындағы маңызды ғылыми ізденіс болып табылады. Зерттеу нәтижелері интеграциялық оқыту теориясы мен әдістемесін дамытуға, профессор Алма Қыраубаеваның ғылыми-педагогикалық мұрасын білім беру тәжірибесінде тиімді пайдалануға үлес қоса алады.

Қорытындылай келе, диссертациялық жұмысты аяқталған ғылыми зерттеу ретінде бағалап, оның мазмұны мен нәтижелері диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келетіндіктен қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, ҚР ҰҒА академигі, педагогика ғылымдарының докторы **Ф.Ш.Оразбаева**

КАДР БАСҚАРМАСЫ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ

ҚОЛТАҢБАМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ: РУКОВОДИТЕЛЯ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
НАО «КазНПУ им Абая»
ҚОЛЫ
ПОДПИСЬ